

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН қызмет

### Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі:



«Қостанай облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы» ММ



«Электрондық үкіметтің» веб-порталы  
[www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)



Көрсету мерзімі: 1 жұмыс күні

Қызмет көрсетушінің жұмыс кестесі демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма, сағат 9.00 бастап 18.30 дейін. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 9.00 бастап 17.30 дейін, үзіліс сағат 13.00 бастап 14.30 дейін. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген болса, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Портал-тәулік бойы



Көрсету нысаны: электрондық/қағаз түрінде



Қызмет көрсету нәтижесі:  
Ереженің қосымшасына сәйкес өтінімді қабылдау не бас тарту туралы қолхат



Көрсетілетін қызметті алушының толық емес құжаттар топтамасын немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады



Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдегіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады

## «Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беруге өтінімдерді қабылдау»

### ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ:

#### Келесі:

✓ Көркемөнерпаздар ұжымының басшысы қол қойған, Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының қосымшасына сәйкес келетін нысан бойынша өтінім

✓ Көркемөнерпаздар ұжымы жиналысының хаттамасы

Келесі ақпараттар көрсетілген ұжымның шығармашылық мінездемесі:  
басшылар туралы мәлімет;  
ағымдағы жылға арналған репертуар мен оқу-тәрбиелік жұмыстың жоспары;  
ұжымның өнер көрсету бағдарламасы;  
катысушылар құрамының тізімі

✓ Жүлделі орындарды алғандығы туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелері

✓ Жергілікті және/немесе республикалық деңгейдегі БАҚ-та жарияланған ұжымның қызметі туралы материалдар (кемінде 3 жарияланым)

#### Порталға:

Мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының қосымшасына сәйкес нысан бойынша, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған өтінім және электрондық түрдегі жоғарыда аты аталған құжаттар

### Шағымдану тәртібі:

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда: шағым Министрліктің [www.mkz.gov.kz](http://www.mkz.gov.kz) интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірінші байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777 немесе портал арқылы алуға болады



Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпаратпен мына мекенжай бойынша хабарласуға болады: Қостанай қ., Әл-Фараби даң. 60, анықтама телефоны 57-53-26. Электронды мекенжайы: [kultura@kostanay.gov.kz](mailto:kultura@kostanay.gov.kz)